**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**
**Заң факультеті**
**«Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы»**

**«Юриспруденция» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы**
**«5В030100 – Құқықтану»**

**«Бекітілді»**
Заң факультетінің Ғылыми кеңесінің отырысында
Хаттама №___ «__» маусым 2018 ж.
Декан ___________ Байдельдинов Д.Л.

## СИЛЛАБУС
9 семестр 2018 оқу жылы

| **Пәннің коды** | **Пән атауы** | **Типі** | **Аптадағы сағаттар саны** | | | **Кредиттер саны** | **ECTS** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Дәріс** | **Тәжірибелік** | **Лаб** | | |
| | **Қазақстан Республикасы салық құқығы** | ОК | 2 | 2 | 0 | 3 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Дәріскер | з.ғ.к., доцент м.а. Ә.Қ.Бердібаева | Офис сағаттар | Кесте бойынша |
| e-mail | Berdibaeva.aliya78@gmail.com | | |
| Телефоны | | Аудитория Кестеге сай | |
| Ассистент | | Офис сағаттар | |
| e-mail | | Аудитория кестеге сай | |
| Телефоны | | | |

| | |
|---|---|
| Курстың академиялық презентациясы | **Оқу курсының түрі**: 5В030100 – заңтану мамандығы бойынша студенттерді салықтық құқықтың негізгі теориялық жағдайларымен және оның болмысының әлеуметтік-экономикалық негіздерімен таныстыратын, шетелдік білім беру бағдарламаларын салыстыру арқылы ә лемдік білім беру кеңістігіне енген үздіксіз білім берудің ұлттық моделін құрастыратын, базалық пән болып табылады.<br>**Курстың мақсаты**: «Қазақстан Республикасының салық құқығы» курсының мақсаты студенттердің салықтық құқықтың аса маңызды ғылыми-теориалық ережелері туралы, ҚР -ның салық және салық жүйесінің даму тарихы туралы, Қазақстан Республикасы салық заңдары мен салық органдарының құрылымын, функцияларын, өкілеттіліктерін, салықтық- құқықтық нормаларды құқықтық талдай алуын көздейді.<br>**Когнитивті қабілетті болу**:<br>- салық құқығы туралы жалпы түсініктерді, негізгі теориялық ережелерді, салық түрлері, оның элементтері туралы алған (нақты) білімін және түсінігін көрсете білу;<br>- салық органдары туралы және олардың өкілеттіктері мен қызметтерін |

| | |
|---|---|
| | (функцияларын) зерттеп білу;<br>- салық құқығының құқық саласы ретіндегі орны мен даму ерекшелігін, қалыптасу тарихын, пәнін, оның функциялары мен қағидаларын, дамуының негізгі кезеңдері туралы, салықтық құқықтың өзге құқық салаларынмен арақатынасының ғылыми, теориялық білімдер кешенін нақты түсіну;<br>**Функционалдық қабілетті болу**:<br>- салықтық құқықтық нормалардың мазмұнын, салықтық-құқықтық қатынастардың жалпы сипаттамасын, олардың түрлері мен сыныпталу ерекшелігін түсіндіріп, тәжірибеде қолдана алу;<br>- салық салу саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін, олардың өзара арақатынасын анықтау; өкілеттіктерін талдау, бағалау;<br>- салық салу саласындағы мемлекеттік басқару, салықтық жоспарлау, салықтық бақылаудың негізгі мәселелерін ажыратып саралау;<br>-салық құқығының ерекше бөлімі бойынша салықтың жекелеген түрлерін білуге, оларды ажарытуға және қолдану аясын зерттеу;<br>**Жүйелі қабілетті болу**:<br>- шет мемлекеттердің салық салу жүйесін дайындап, халықаралық салықтық құқық мәселелерін презентация түрінде жасау;<br>- салықтық құқықтың өзекті мәселелері бойынша өз көзқарасын қисынды түрде сауатты жеткізе білу және оны дәлелдеу; салықтық-құқықтық актілерді талқылап, қолдана білу;<br>- салықтық құқықтық қатынас аясында туындайтын дауларды шешіп, тұжырымдай алу.<br>**Әлеуметтік қабілетті болу**:<br>- салықтық-құқықтық институттар туралы, ҚР салық және салық жүйесі дамуының негізгі кезеңдері туралы, қазіргі кезеңде егемен Қазақстанда мемлекеттің салық қызметінің негізі туралы түсінік алады;<br>Топта сындарлы оқуға, әлеуметтік өзара әрекеттестікке және ынтымақтастыққа студенттерді баулиды. |
| Пререквизиттері | Мемлекет және құқық теориясы; конституциялық құқық; әкімшілік құқық; азаматтық құқық; еңбек құқығы; қылмыстық құқық және т.б. |
| Постреквизиттері | Салық құқықғы, банк құқығы, сақтандыру құқығы т.б. |
| Ақпараттық ресурстар | 1.Алибеков С.Т. Налоговое право РК – Алматы. 2007, 2012<br>2. Худяков А.И. Налоговое право РК (Общая часть). - Алматы. 2003<br>3. Алибеков С.Т., Бердибаева А.К. Налоговое право РК (общая часть). Қазақ университеті 2017 г.<br>4. Налоговое право России: Учебник для вузов /под ред. д.ю.н., проф. Ю.А.Крохиной – М. 2003<br>5. Налоговое право: учебник для бакалавров / Д.В.Виницкий.-2-ое изд. – М.: Издательство Юрайт, 2013. – 360с. – Серия: Бакалавр. Базовый курс.<br>6. Порохов Е.В. Теория и практика налогового права. А., 2013.<br>**Онлайн режимде қол жетімді:** Қазақстан Республикасының заңнамалық деректер базасы. Және univer.kaznu.kz. сайтындағы парақшада студенттерге арналған қосымша көздер көрсетіліп отырады. |
| Университеттің құндылықтары шегіндегі оқу курсының академиялық саясаты | Академиялық тәртіп (мінез-құлық) ережесі:<br>Сабақтарға міндетті қатысу, кешігуге жол бермеу. Оқытушыға ескертусіз сабаққа келмей қалу немесе кешігу 0 баллмен ба ғаланады. Тапсырмалардың, жобалардың, емтихандардың (СӨЖ, аралық, бақылау, зертханалық, жобалық және т.б. бойынша) орындау және өткізу мерзімін сақтау міндетті. Жұмыстардың барлық түрін көрсетілген мерзімде жасап тапсыру керек. Кезекті тапсырманы орындамаған, немесе 50% - дан кем |

<table>
<tr><td></td><td colspan="3">балл алған студенттер бұл тапсырманы қосымша кесте бойынша қайта жасап, тапсыруына болады.<br><br>Академиялық құндылықтар:<br>Академиялық адалдық және тұтастық: барлық тапсырмаларды орындаудағы дербестік; плагиатқа, алдауға, шпаргалкаларды қолдануға, білімді бақылаудың барлы қ сатысында көшіруге, оқытушыны алдауға және оған құрметсіз қарауға жол бермеу. (ҚазҰУ студентінің ар-намыс кодексі).</td></tr>
<tr><td>Баға қою және аттестаттау саясаты</td><td>Өзіндік жұмыстың сипаттамасы</td><td>Салмағы</td><td>Оқу нәтижелері</td></tr>
<tr><td></td><td>Уй тапсырмасы<br>ҚР қаржы құқығының жалпы бөлімі бойынша ішкі қаржылық заңнаманы талдау<br>ҚР қаржы құқығының ерекше бөлімі бойынша ішкі қаржылық заңнаманы талдау<br>Бақылау жұмысы<br>Емтихан<br>Барлығы</td><td>2466%<br>13%<br><br>14%<br><br>8,4%<br><u>40%</u><br>100%</td><td>1,2,3,4,5,6,7<br>1,2,3.<br><br>1,4,5,6,7<br><br>1,2,3,4,5,6,7</td></tr>
<tr><td></td><td colspan="3">Сіздің қорытынды бағаларыныз мына формулада бағаланады<br><br>$\text{Пән бойынша қорытынды баға} = \frac{АБ1 + АБ2}{2} \cdot 0,6 + 0,1МТ + 0,3ИК$<br>Төменде пайыздық негізде минималды бағалау көрсетілген:<br>95% - 100%: A 90% - 94%: A-<br>85% - 89%: B+ 80% - 84%: B 75% - 79%: B-<br>70% - 74%: C+ 65% - 69%: C 60% - 64%: C-<br>55% - 59%: D+ 50% - 54%: D- 0% -49%: F<br>Жалпы Өзінің ойлау қабілетін кеңейтуі үшін, шығармашылық қызметке қызығушылығы болуы керек, үздіксіз өзін - өзі жетілдіру қажеттілігі болуы қажет. Рефераттар, презентациялар студенттермен жеке жазбаша түрде орындалып, ауызша қорғалуы керек. Бағалау кезінде студенттердің сабақтағы белсенділігі мен сабаққа қатысуы ескеріледі. Семестр барысында студенттердің 4 СОБЖ тапсыруы қарастырылған. 1 және 2 СОБЖ-ды орындау бірінші аралық бақылауда қарастырылады. Ол мемлекеттің салық салу қызметіне, салықтардың жіктелуіне арналып 25 балдан бағаланады. СОБЖ-ы жазу барысында тарихи, салыстыру, қисындық әдістерді қолдана отырып жазбаша нысанда орындайды. 3, 4 СӨЖ-дерді тапсыру екінші аралық бақылауда жүзеге асырылады. Плагиат және басқа да әділсіздіктерге тыйым салынады.</td></tr>
</table>

## Оқу курсының мазмұнын жүзеге асырудың күнтізбесі

| **апта** | **Тақырып атауы** | **Сағаттар саны** | **Максималды балл** |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | **Дәріс 1. Мемлекеттің салықтық қызметі. Салық салу жүйесі** | **2** | **0** |
| | **Семинар сабағы.** Салықтық қызмет мемлекеттің қаржылық қызметінің басымды бағыты ретінде: түсінігі, маңызы, құқықтық негіздері; Мемлекеттің салықтық қызметінің негізгі принциптері, басты міндеттері мен мақсаты, сипаттамасы; Мемлекеттің салықтық қызметінің негізгі бағыттары, әдістері мен тәсілдері және құқықтық нысандары; Салық салу аясындағы уәкілетті мемлекеттік органдар жүйесі. | **1** | **6** |
| 2 | **Дәріс. 2 Салықтың және салық салудың түсінігі** | **2** | |
| | **Семинар сабағы.** Салық: түсінігі, құқытық белгілері және жіктелуі; салықтың функциялары. Салықтың құқықтық құрылымының элементтері: салық субьектісі; салық обьектісі; салық салу бірлігі; салық базасы; салық салу тәртібі; салық салу мерзімі; салық жеңілдіктер. Мемлекеттің салық салу қызметі: түсінігі, негізгі функциялары, міндеттері, мақсаты, құқықтық негіздері. Мемлекеттің салықтық қызметі – мақсат-бағдарлы, жоспарлы қызмет. | **1** | **6** |
| 3 | **Дәріс 3. Салықтық құқық құқықтық құрылым ретінде: жалпы сипаттамасы** | **2** | |
| | **Семинар сабағы.** Салықтық құқықтың құқықтық түсінігі, реттеу пәні, маңызы, сипаттамасы, атқаратын айрықша рөлі. Салықтық құқықтың құқықтық реттеу әдістері: түрлері, ерекшеліктері, сипаттамасы.Салықтық құқықтың жүйесі және дерек көздері. Салық құқығының функциялары. Салық құқығының қайнар көздері. | **1** | **6** |
| | **1 СОӨЖ Мемлекеттің салық салу қызметі: түсінігі, негізгі функциялары, міндеттері, мақсаты, құқықтық негіздері.**<br>Тапсыру нысаны ауызша, мерзімі 3 апта. | | **15** |
| 4 | **4 Дәріс. Салықтық құқықтық нормалар және салықтық құқықтық қатынастар.** | **2** | |
| | **Семинар сабағы.** Салықтық құқықтық нормалар қаржылық құқықтық нормалардың айрықша түрі ретінде: түсінігі, маңызы, сипаттамасы.Салықтық құқықтық қатынастар: түсінігі, түрлері, өзіне тән белгілері.Салықтық құқықтық қатынастар: мән-жайы, объектілері және субъектілері.Салықтық құқықтық қатынастардағы заңи фактілер: маңызы, функциялары, сипаттамасы. | **1** | **6** |
| 5 | **5 Дәріс. Салықтық міндеттеме.** | **2** | |
| | **Семинар сабағы.** Салықтық міндеттемелер түсінігі, нысаны, құрамы, туындау негіздері.Салықтық Салықтық міндеттемелерді орындаудың айрықша жағдайлары. Салықтық міндеттемелердің тиісінше орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері мен құқықтық негіздері. | **1** | **6** |
| | **СӨЖ 2.** Салық міндеттемесін орындаудың заңдық негіздері мен ерекшеліктері.<br>**Тапсыру нысаны: реферат(қорғалған жағдайда** | | **15** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **толық бағаланады)** 5 апта. | | |
| 6 | **6 Дәріс. Салық салу аясын мемлекеттік басқару** | 2 | |
| | **Семинар сабағы.**<br>**Семинар сабағы.** Қазақстан Республикасы Президентінің құзыреттері;<br>2.Қазақстан Республикасы Парламентінің салық салу аясындағы құзыреттері; 3.Қазақстан Республикасы Үкіметінің салық салу аясындағы құзыреттері; 4.Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің фискальдық саясатты жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіліктері;<br>5.Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің мемлекеттің бас салық органы ретіндегі құзыреттері. | 1 | 6 |
| | **3 СОӨЖ. Салықтық құқықтық қатынастардың субъектілерінің құқытық жағдайы. Тапсыру нысаны презентация; қорғаған жағдайда толық бағаланады.** | | 15 |
| 7 | **7 дәріс. Мемлекеттік салықтық бақылау.** | 2 | |
| | **Семинар сабағы.** Мемлекеттік салықтық реттеудің құқықтық негіздері ретінде: маңызы, ерекшеліктері.Салықтық бақылау мемлекеттік қаржылық бақылаудың айрықша түрі ретінде: маңызы, субъектілері, нысандары, топтастырылуына байланысты түрлері, әдіс-тәсілдері.Фискальдық мониторинг мемлекеттік салықтық бақылау аясының институты ретінде: мақсат-маңызы, түрлері, тәсілдері, құқықтық негіздері. | 1 | 6 |
| | **Бақылау жұмысы** | | 13 |
| 8 | **8 дәріс. Салық түрлері. Корпорациялық табыс салығы** | 2 | |
| | **Семинар 7.** Корпорациялық табыс салығының түсінігі. Корпорациялық табыс салығы сомасын есептеп шығару. Төлем көзінен ұсталатын салық. | 1 | 6 |
| | **4 СОӨЖ. Тікелей салықтардың ерекшеліктері: объектісі, төлеушілер, төлеу тәртібі.**<br>**Тапсыру нысаны - ауызша** | | 15 |
| | | | |
| 9 | **9 дәріс. Жеке табыс салығының құқықтық табиғаты** | 2 | |
| | **Семинар 9.** Жеке табыс салығының түсінігі. Төлем көзінен салық салынатын табыстар. Төлем көзінен салық салынбайтын табыстар. . Жеке табыс салығы бойынша декларация | 1 | 5 |
| 10 | **10 дәріс. Әлеуметтік салық салудың құқықтық ерекшеліктері. Рента салығы** | 2 | |
| | **Семинар 10.** Әлеуметтік салықтың түсінігі, төлеушілері. Әлеуметтік салық есептеу тәртібі, мерзімдері, төлеу тәртібі. Рента салығы: объектісі, субъектілері, есептеу және төлеу тәртібі | 1 | 5 |
| | **5 СОӨЖ. Салық салу бойынша берілетін жеңілдіктердің құқытық негіздері**<br>Мерзімі 9 апта | | 15 |
| 11 | **11 дәріс. Көлік құралдарына салық салу** | 2 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **ерекшеліктері** | | |
| | **11 семинар. Салық салудың тәртібі; көлемі және мерзімдері. Салық салу бойынша жеңілдіктер** | **1** | **5** |
| **12** | **12 дәріс. Жер салығы. Мүлік салығы.** | **2** | |
| | **12 семинар. Жер салығы, мүлік салығын салудың ерекшеліктері. Салық салудың тәртібі; көлемі және мерзімдері. Салық салу бойынша жеңілдіктер** | **1** | **5** |
| | **6 СОӨЖ. Өзге де міндетті төлемдер туралы. Тапсыру – нысаны ауызша** | | **15** |
| **13** | **13 дәріс. Арнаулы салық режимдері** | **2** | |
| | **13 Семинар.** Арнаулы салық режимін қолданудың ерекшеліктері.Шағын бизнес субъектілеріне арналған арн аулы салық режимі. Патент негізіндегі арнаулы салық Режимі. Оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимі.Шаруа немесе фермер қожалықтары үшін а рнаулы салық режимі | **1** | **5** |
| **14** | **14 дәріс. Жанама салық салу: Қосылған құн салығы. Акциздер. Үстеме пайда салығы** | **2** | |
| | **14 семинар.** Жанама салықтың түсінігі. Қосылған құн салығы. Акциздер. Үстеме пайда салығын салудың ерекшеліктері | **1** | **5** |
| | **7 СОӨЖ. Салық салу саласындағы мемлекеттік мәжбүрлеу және құқықтық жауапкершілік.** | | **15** |
| **15** | **15 дәріс.** Салық әкімшілігін жүргізудің құқықтық негіздері | **2** | |

Факультет деканы Д.Л. Байдельдинов

Әдісбюро төрайымы А.А. Урисбаева

Кафедра меңгерушісі А.Е. Жатканбаева

дәріскер А.Қ.Бердібаева